« Global West Construction »
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Қазақстан Республикасы, 130000, Актау к.
СТН: 100240012123

« Global West Construction »
Товарищество с ограниченной ответственностью
Республика Казахстан, 130000, г.Актау
БИН: 100240012123

20.09.18 № 7-2018.

Маңғыстау облысы
бойынша ішкі мемлекеттік
аудит Департаментінің
басшысы С. Қасымовқа

«Global West Construction»
ЖШС-нен

«Түпкараған аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі тарапынан ұйымдастырылған (Бұдан әрі - Ұйымдастырушы) №2714169-1 санды «аудандық маңыздағы автомобиль жолдары күтіп ұстау» мемлекеттік сатып алудың қорытындысына сәйкес жеңімпаз ретінде «АрГос-07» ЖШС-гі.

Өз кезегінде, «Global West Construction» ЖШС-гі конкурс қорытындысымен келіспей шағым түсіреді.

«АрГос-07» ЖШС-ің конкурыстық өтінімінде келесідей бір қатар заң бұзушылықтар орыналды деп есептейміз.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Қаржы министірінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасының (Бұдан әрі - Қағида) 85-1 тармағында, тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (Бұдан әрі - Заң) 9- бабының 3-тармағында, әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады делінген.

Сонымен бірге, Қағиданың 150-тармағының 1-тармақшасында, Әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер: конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы деп анық айтылған.

Қағиданың конкурстық құжаттамасының 5-қосымшасының 3-тармағында, Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көзделген жұмыстарды орындау үшін қажет растайтыны құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, материалдық ресурстардың бар екені туралы мәліметтерді көрсетеді делінген.

Осымен, Ұйымдастырушының техникалық ерекшелігінде әлеуетті өнім берушілерге келесідей талаптар қойылған:

Автогрейдер техникасы 99кВт 135 л.с -3 бірлік
Автопогрузчик 5т -1 бірлік
Бульдозер 79 кВт 108л.с
Дөнгелекті жол тегістеу катогі 8т -1 бірлік
Дөнгелекті жол тегістеу катогі 13т -1бірлік
Пневматикалық Дөнгелекті жол тегістеу катогі 16 т-1 бірлік
Пневматикалық Дөнгелекті жол тегістеу катогі 30т-1бірлік
Ішкі жану қысымы 686кПа 7 атм 2,2м2/мин дейін қозғалтқышы бар жылжымалы компрессорлар – 1бірлік
Ішкі жану қысымы 686кПа 7 атм 5 м2/мин дейін қозғалтқышы бар жылжымалы компрессорлар – 1бірлік
Таңбалау машиналары -1 бірлік
Автоматты суару машиналары 6000л – 1 бірлік
Жылжымалы компрессор станциясының жұмыс барысында қолданылатын пневматикалық бұзу балғасы -1 бірлік
Жылжымалы битум қазандықтары 400л – 1 бірлік
Автогудранат техникасы 3500л – 1 бірлік
Лущильщик құрылғысы -1бірлік
Шыншыр табанды трактор 59кВт 80л.с – 1бірлік
Пневматикалық дөнгелектегі трактор 59 кВт 80л.с – 1 бірлік
Борттық автокөлік 5т дейін – 1 бірлік.

Алайда, «АрГос-07» ЖШС-ің конкурстық өтілімінде Лущильщик құрылғысы және Шыншыр табанды трактор 59кВт 80л.с жоқ екені анықталды.

Демек, «АрГос-07» ЖШС-ің өтінімі материалдық ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндігіне қарамастан, конкурсқа жіберу туралы конкурс комиссияларының тарапынан негізсіз шешім қабылданған.

Жоғарыдағылардың негізінде, конкурс қортындысын ҚР ҚМ «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 2-қосымшасында көзделген, Мемлекеттік сатып алу бұзушылықтарын жою тәсілдеріне сәйкес, №5,№6-бейіндер бойынша шешім қабылдауды сұраймын.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47-бабы 5-тармағына сәйкес, көрсетілген мерзімде тиісті дәлелдермен жауап беруіңізді сұраймын.

Директор **Сайын А.С**

Global West Construction